



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ

Әдістеме-библиография бөлімі

Қазақ киносының анасы



**Театр және кино актрисасы Әмина Ерғожақызы
Өмірзақованың туғанына 105 жыл**

(1919-2006)

Библиографиялық көрсеткіш

«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ

Әдістеме-библиография бөлімі

Қазақ киносының анасы

Театр және кино актрисасы Әмина Ерғожақызы
Өмірзақованың туғанына 105 жыл
(1919-2006)

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық қаласы 2024 жыл

ӘОЖ 011
КБЖ 91
Қ 14

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын

Қазақ киносының анасы [Мәтін] Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кино және театр қайраткері — Әмина Өмірзақованың туғанына 105 жыл толуына арналған) : Библиографиялық көрсеткіш /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі Библиографиялық көрсеткіш кино және театр актрисасы Өмірзақова Әмина Ерғожақызына арналған. Көрсеткіште өмірі шығармашылығы енгізілді. Әдебиеттер хронологиялық тәртіпте орналасқан. Библиографиялық көрсеткіш кино өнер саласына қызығатын барлық оқырман қауымға сондай-ақ университет студенттеріне, магистранттарға, аспиранттар мен оқытушыларға арналған.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі

Құрастырушыдан

Аты аңызға айналған тұғырлы тұлға, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ұлттық кино өнерінің анасы атанған Әмина Өмірзақованың 105 жылдық мерейтойына орай Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі **«Қазақ киносының анасы»** атты библиографиялық көрсеткішін ұсынады. Көрсеткішке боямасыз болмысымен ұлттық кинематографияның дара келбетіне айналған Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кино және театр майталманы Әмина Ерқожақызының өнермен өрілген өміріне арналған. «Кино әлемінің қарлығашы – Әмина Өмірзақова», «Шығыстан шыққан шынар», «Өнерімен өрілген өмір» атты бөлімдерде Әмина Өмірзақова жайында өмірі мен шығармашылық жолындағы қызметі толық берілген, сондай-ақ «Әмина Өмірзақованың рөлдері мен кейіпкерлері» атты бөлімде актерлік шеберлігін таныта білгені жайлы және «Фильмографиясы» толық көрсетілді. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген. Әмина Өмірзақова туралы сөз болғанда бірден көз алдымызға «Тақиялы періште» фильміндегі Тайлақтың анасы келеді. Көрерменнің көзайымына айналған көркем туындыда қазақ әйелінің болмысын бейнелеген актриса риясыз күлкісімен күллі әлемді көмкеріп тұрғандай... Иә, қазақ киносының алғашқы қарлығаштарының бірі, театр өнерінің шыңын бағындырған тума талант иесі Әмина Өмірзақова дегенде үлкен көздері күлімдеп, маңайындағыларға шуақ нұрын шаша қарайтын қарапайым ана келбеті көз алдымызға келеді. Ол – асылдың сынығы. Ол – әлемнің анасы, қазақтың анасы, Тайлақтың анасы. Ол – әзиз ана бейнесін ел жадына мәңгілікке жазып кеткен дара тұлға. Оның ғибратты ғұмыры өзгеге өнеге. Көрсеткіш мәдениет қызметкерлеріне, көпшілік оқырман қауымға арналады.

КИНО ӘЛЕМІНІҢ ҚАРЛЫҒАШЫ – ӘМИНА ӨМІРЗАҚОВА



Өмірзақова Әмина Ерғожақызы (1919 жылы 8 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы - кеңестік және қазақстандық кино және театр актрисасы. Қазақ КСРнің Халық артисі (1965), Қазақ КСРнің Мемлекеттік сыйлығының иегері (1967). Қазақ кино және театр өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған дарынды артист. Әмина Өмірзақова киноға 1938 жылы Ленинград институтында студент болып жүрген кезден бастап түсе бастады. Оның алғашқы түскен фильмдері "Комсомольск", "Амангелді", "Алыптың әні", "Ақ раушан". Десе де оны танымал еткен алғашқы үлкен рөл - 1945 жылғы "Абай өлеңдері" фильміндегі Ажардың рөлі. Осы рөл арқылы ол қазақ кинематографиясының элитасы қатарына кірді. 1945-1963 жылдар аралығында "Жамбыл", "Қыз жігіт", "Қанатты сый", "Әрі қалжың әрі шын" фильмдеріне түсіп, атақ-даңқ жинады. 1964 жылы Анатолий Карповтың "Ана туралы жыр" фильмі экран бетіне шықты. Бұл фильмде Әмина Ерғожаевна ұлының майданда қаза тапқаны жайлы есірткен, бірақ бар қайғыға төтеп берген ананың рөлін сомдады. Кейіпкер оқу-жазу білмейді. Майданда болып жатқанның барлығынан хабардар болдың жалғыз тәсілі осы болғандықтан, өз бетімен оқуды үйреніп алады да почтальон болып жұмыс үстейді. Ол бірнеше рет басқа аналарға қайғылы хабар жеткізсе де, оларға сүйеу болып, көмек қолын созады. Фильм көпшіліктің көңілінен шығып, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын жеңіп алды, ал Әмина Өмірзақова 1964 жылғы Жалпыкеңестік кинофестивальде "ең жақсы әйел рөлі" сыйлығын, К. Байсейітова атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын жеңіп алды. "Ана туралы жырдан" соң 1968 жылға дейін "Ең тілалғыш", "Мың шақырым саяхат" картиналарында басты да, екінші реттік рөлдерді сомдап жүрді. Сондай-ақ, "Алдар-көсе" бейнефильмінде эпизодтық рөлде ойнады. 1968 жылы Шәкен Аймановтың "Тақиялы періште" комедиялық фильмі жарық көрді. Бұнда Әмина Ерғожаевна Тана атты ананың бейнесін сомдады. Бүкіл фильм бойы ол өзінің Тайлақ атты ұлына қалыңдық іздеумен болады. Бұл рөлдің қызығы, актрисса едәуір жас болса да, өзінен бірнеше есе үлкен кейіпкерді ойнады. Сондай-ақ, өзге рөлдерінен ерекшелігі—көңілді кейіпкерді сомдауы. Картина бүкіл Кеңес Одағындағы кинотеатрларында көрсетілді. Соның арқасында оны бүкіл ел таныды.

ШЫҒЫСТАН ШЫҚҚАН ШЫНАР



Топырағы киелі Шығыстан талай таланттар шыққаны белгілі. Сондай дара тұлғалардың жалғасындай болған Әмина Өмірзақова 1919 жылы 8 наурызда Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келеді. Ата-анасы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың анасындай болсын деген ниетпен нәрестеге Әмина есімін береді. Әмина Өмірзақова өмірге келгеннен кейін көп ұзамай асқар таудай әкесі Ерқожа дүниеден өтіп, бар ауыртпалық үлкен бауыры Қаптағайдың мойнына түседі. «Бізді ағам Қаптағай өсірді. Ол

бізді ауылдан көшіріп, Семейге алып келді. Сонда мектепке бардым. Алғаш сахнадағы қойылымды осы мектепте көрдім. Оның маған ерекше әсер еткені сондай өзім де сахнада ойнап жүргендей болдым. Мектепте оқып жүргенімде хорға қатысушы едім. Анам марқұмның дауысы ән салғанда Күләштікінен айнымайтын. Ағам былғары зауытында жұмыс істеп жүргенде, оны кәсіподақтық жұмысымен Алматыға жіберді. Қаптағай ағам өзімен бірге бізді де ала кетті. Алматыда да халықтың жағдайы мәз емес екен. Сабақтан кейін дос қызым екеуміз базарға шығып балық сататын едік. Тапқан ақшама азын-аулақ тамақ алып келетінмін. Ағам бізді ашаршылықтан аман алып қалу үшін қалтасына бидай толтырып әкелетін. Оның осы қамқорлығын мен ешқашан да ұмытпаймын», – деген еді көзі тірісінде Әмина Ерқожақызы.

ӨНЕРДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Тағдырдың тауқыметі де, ашаршылықтың ауыр зардабы да Әминаның өнерге деген құштарлығын мұқалтқан жоқ. 1932 жылы Бикеш деген құрбысы екеуі радиодан «Хор айтуға қыздарды алады екен» деген хабарды естіп, дауыстарын тыңдатуға барады. Сөйтіп, музыкант Борис Ерзакович талантты қыздарды хорға қабылдайды. «Бізді ұстаздарымыздың «тәрбиелі қыз-дар» деп әрдайым мақтайтыны әлі күнге есімде. «Өнер» деген киелі дүниені осында жүріп ұғына бастағанмын. Бізге ән салғызды, өлең оқытты. Содан бізді Ленинградқа алып барды. Іштеріндегі ең кішкентайы мені меңзеген қабылдаушылардың бірі Василий Меркурьев сыртымнан «Что за детский сад?» деген көрінеді. Оны кейін естідім. Алғашқы сабағымыз басталған күні ұстазымыз шақырып: «Әмина, біз сенің қабілетіңді көруіміз керек, сол үшін саған тапсырма: Сен бір жақтан келсең, сенің үйің өртеніп жатыр, ішінде

кішкентай інің қалып қойыпты. Сол кезде не істейтініңді көрсетуің керек», – деп мені сыртқа шығарып жіберді. Не істерімді білмей біраз ойланып тұрдым да, оның үстіне апамды қатты сағынғаным тағы бар, ішке жанұшыра айғайлап «Апа, өрт, апа-а-а, өрт!» деп кіріп, ананы да лақтырып, мынаны да құлатып, жылай бастадым. Ентігімді баса алмай тұрған мені ұстазым жұбатып, риза болды», – деген екен бір естелігінде актриса. Иә, әлемге әйгілі Әмина Өмірзақованың әнер жолындағы алғашқы қадамы осылай басталған еді...

КАЛИНИННІҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА НЕГЕ БОЛДЫ?

Сол жылдардағы Кеңес үкіметінің солақай саясатының кесірінен елдің бетке ұстар шамшырақтары мен қатардағы қарапайым азаматтарына «халық жауы» деген жала жабылды. Бұл «құрыққа» Әминаның үлкен ағасы да ілігеді. 1938 жылы соңғы курста оқып жүрген Әминаға ауылдағы анасынан хабар келеді. Елге барып мән-жайды білген ол үйіндегі сатылатын бар затын өткізіп, адвокат жалдап, Мәскеуге аттанады. Бауыры үшін ел асып келген батыр қыз Калининнің қабылдауына жазылады. «Калининнің қабылдауын күтіп адвокат екеуіміз отырмыз. Бір кезде бізге де кезек келді. Хатшы қыз «Қазақстаннан бір қыз келіп отыр! Кішкентай қыз!» деп қояды. Сосын «Жалғыз өзі кірсін» деді. Адвокатымды кіргізбеді. Аяқ-қолым дірілдеп, өзімді ұстай алмадым. Кабинетіне кіргенімде ол кісі мені орнынан тұрып қарсы алды. Жүгіріп барып оны құшақтап, өксігімді баса алмай, айтатын сөзімді айта алмай жыладым. Бірер минуттан соң ол менің жасымды өзінің қол орамалымен сүртіп жұбатты. Бар жайды айтып бердім, үндемей тыңдады. Сосын «Әмина, мен саған қолымнан келгенше көмектесемін» деп жұбатып, арқамнан қағып шығарып салды. Елге жеткенше қуанышым қойныма сыймай, үйге кіре сала: «Ағайым оралады, оны босатады», – деген сөзден басқа ештеңе айтпаппын. Анам мен жеңгем жылап: «Әмина, айналайын, дұрыстап мән-жайды айтшы», – дейді. Барлық болған жайды айтып бердім. Олар маған сенер-сенбесін білмей таңырқай қарайды. Алғырлығым ба, әлде шын сенгендігім бе, әлде Алланың жазған тағдыры солай болды ма, ағайым бір күні үйге оралды», – деген Әмина Өмірзақова зұлматты жылдардың жаңғырығы ешқашан жадынан әшпегенін айтқан-ды.

ЖОЛДАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ...

1938 жылы Ленинградтағы мемлекеттік сахна өнері техникумының қазақ студиясын бітірген Әмина Өмірзақова сол жылы Шымкент облыстық драма театрына жұмысқа орналасады. Осы жерде болашақ жары Кәмәси Өмірзақовпен танысып, оған тұрмысқа шығады. Екі жарты, бір бүтін болған жас жұбайлар арман жетегінде Алматыға көшіп келеді. Алатаудың баурайында Әмина тұңғышын дүниеге әкеліп, ана атанады.

1941 жылы «Қазақфильм» студиясына монтаждаушы болып жұмысқа орналасқан Әмина Өмірзақова осы кезде «Ақ раушан» және «Алып туралы аңыз» киноларында екінші дәрежелі рөлдерді сәтті сомдайды. 1949 жылы Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы болып жұмысқа тұрып, театр сахнасында тұңғыш рет Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарын» спектакліндегі Мәржанды ойнайды.

Кішкентайынан қиындықты көп көрген Әмина Өмірзақова енді гүлдей жайқала берген шағында майданнан жаралы келген жұбайы қаза тауып, үш баланың ауыртпалығы бір өзінің мойнына түседі.

«Өзім үшін емес, балаларым үшін қайтадан сілкінуім қажет» деп бекінген актриса тағдыр сынына қарамастан бақытын сахна биігінен іздеп, кісілік келбетіне кір жұқтырмай күн кешеді.

«Жолдасымның бойындағы дарыны көл-көсір дариядай, бірақ онысын кәп шаша бермейтін бітімі бөлек жан еді. Оның әйел-балаға

деген қамқорлығы ерекше-тұғын. Менің білетінім тек кино мен театр, радио жұмыстары болатын. Үйдегі барлық ауыртпалықты күйеуім көтерді. Содан да мен еркін жүріп-тұрдым, еркін жұмыс істедім. Әйелін алақанына салып аялаған екі адам болса, соның бірі менің жолдасым болды. Өзінің алып бара жатқан түрі де, асып кеткен білімі де болған жоқ. Бірақ адамшылығы керемет еді», – деп жұбайы туралы сыр бәліскен екен бір сұхбатында актриса.

Амал нешік, ажалға қарсы тұрар амал бар ма?! Әмина Ерқожақызы 2006 жылы 87 жасында өмірден өтті.

Рас, елдің еркесі, сахнаның саңлағы өмір жолында да, өнер жолында да артына өшпес із қалдырды. Ол Отанға қызмет ете жүріп, отбасын да ойлады. Жарынан ерте айырылса да жігері жаншылып, салы суға кеткен жоқ. Жанұясының жағдайын жасады. Екі ұл, бір қызын ел қатарына қосты. Өмірінің соңына дейін «Тақиялы періштедегі» Тана кейіпкеріндей өзі де өмірде бақытты ғұмыр кешті.

ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Әмина Ерқожақызы қазақ театры сахнасында 68 жыл бойы қызмет етіп, 150-дей образды сомдады. Кино саласына сіңірген еңбегі де ұшан-теңіз. «Амангелді», «Алыптың әні», «Ақ раушан» қазақ көрерменіне кеңінен таныс. Дегенмен, оны танымал еткен 1945 жылғы «Абай өлеңдері» фильміндегі Ажардың рөлі. Осы рөл арқылы ол қазақ кинематографиясының элитасы қатарына кірді. 1945-1963 жылдар аралығында «Жамбыл», «Қыз жігіт», «Қанатты сый», «Әрі қалжың, әрі шын» фильмдерінде шеберлік танытты. Ал, «Ана туралы жыр», «Тақиялы періште», «Жұлдызыңды сақта», «Мама Роза», «Шаңырақ» картиналарында қазақ анасының бейнесін нанымды сомдады. Көзін ашқалы қиыншылықпен бетпе-бет келіп, бой бермей күрескен актрисаның кинодағы әр рөлі – жеке тағдырымен астасып жатты. Ол кинода ойнаған жоқ, өмір сүрді. Содан да болар Әмина Өмірзақованың кинодағы барлық рөлі шынайы шықты.

Өмірзақова Әмина Ерқожақызы (1919 жылы 8 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қараауыл ауылы - 2006 жылы 26 қыркүйекте Алматыда) — кеңестік және қазақстандық кино және театр актрисасы. Қазақ КСРнің Халық артисі (1965), Қазақ КСРнің Мемлекеттік сыйлығының иегері (1967). Қазақ кино және театр өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған дарынды артист. Оның театр сахнасында тұңғыш ойнаған рөлі – М.Әуезовтің “Түнгі сарын” спектакліндегі Мөржан. Бұдан басқа ойнаған басты рөлдері қатарында Баян (Ғ.Мүсірепов “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”), Луиза (Ф.Шиллер “Зұлымдық пен махаббат”), Смеральдина (К.Гольдони “Екі мырзаға бір қызметкер”), Шәуәли (М.Ақынжанов “Ыбырай Алтынсарин”; Бүкілодақтық балалар және жасөспірімдер театрлары фестивалінің дипломымен марапатталды, 1958), Рәбиға (Ш.Хұсайыновтың осы аттас драмасында), Кенжегүл (І.Мұхамеджанов “Өзіме де сол керек”), Алтынай (Ш.Айтматов “Алғашқы мұғалім”), Гүлжамал (Т.Ахтанов “Күшік күйеу”), Қалампыр шешей (Ш.Уәлиханов “Тағдыр”), Глумова (А.Н. Островский “Адам аласы ішінде”), т.б. бар. 1942 жылдан киноға түскен: Ажар (“Абай әні”, 1945), Мұғалима (“Қанатты сыйлық”, 1956), Айша (“Бір ауданда”, 1960), Ана (“Ана туралы аңыз”, 1963, Қазақстан және Орта Азия республикаларының кино өнері бойынша өткен байқаудың 1-сыйлығы, 1964; Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығы, 1966), Тана (“Тақиялы періште”, 1968; Алматы қаласында өткен Қазақстан және Орта Азия республикаларының 8-кино өнері байқауының сыйлығы, 1969), т.б. **Отан, Еңбек Қызыл Ту** ордендерімен және медальдармен марапатталған.

- [Арғын](#) тайпасының [Тобықты](#) руынан шыққан.

- 1938 жылы [Ленинградтағы](#) (қазіргі [Санкт-Петербург](#)) мемлекеттік сахна өнері техникумының (кейін Ленинград театр, музыка және кинематография институты) қазақ студиясын бітірген.
- 1938 – 1940 жылдары [Шымкент](#) облыстық драма театрының актрисасы
- 1940 – 1942 жылдары қазіргі Қазақ мемлекеттік академия драма театрының труппасында
- 1942 – 1949 жылдары “[Қазақфильм](#)” студиясында қызмет атқарды.
- 1949 жылдан Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының (қазіргі Қазақ мемлекеттік академия жастар мен балалар театры) актрисасы болды.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Мені халыққа танытқан кино. Сондықтан мен кино десе жанымды беремін. Ал кинода жасаған бейнелерім өмірлік тарих болып қалатынына үміттенемін», – деген екен Әмина Өмірзақова әзінің соңғы сұхбатында. Иә, есімі қазақ өнерінің тарихында алтын әріппен жазылған сахна саңлағы Әмина Өмірзақованың туғанына биыл 105 жыл толады. Қазақ анасының кіршіксіз бейнесін сомдап, ұлттың анасына айналған актрисаға деген құрметіміз зор болса керек.

ФИЛЬМОГРАФИЯСЫ

- 1938 - Амангелді - эпизод
- 1938 - Комсомольск - эпизод
- 1942 - Алыптың әні - эпизод
- 1943 - Ақ раушан - эпизод
- 1945 - Абай әндері - Ажар
- 1952 - Жамбыл - эпизод
- 1955 - Қыз-жігіт - эпизод
- 1956 - Қанатты сый - мұғалім
- 1960 - Бір ауданда - Айша
- 1963 - Әрі қалжың, әрі шын - жас жұбайлардың біреуі
- 1963 - Ана туралы аңыз - ана
- 1964 - Алдар көсе - эпизод
- 1965 - Ең тілалғыш - Күлсін
- 1966 - Ата-бабалар жері - эпизод
- 1966 - Менің арманым - Сапардың анасы
- 1968 - Тақиялы періште - Тана
- 1968 - Мың шақырымдық жол - Сарларбектің анасы
- 1968 - Әркімнің өз жолы бар - Бұрұлша
- 1969 - Найзатас бөктерінде - эпизод
- 1970 - Шыжыған күннің астында - Айша
- 1971 - Ыстықкөлдің қызғалдақтары – Кемпір
- 1972 - Деңгейжиектер - Тайырдың анасы
- 1972 - Үлкен өзгеріс - эпизод
- 1972 - Ең әдемі қайықтар - Туар
- 1973 - Гулька - эпизод

- 1974 - Бәйшешектер - Бадиға Осланқызы
- 1974 - Бұлақ - эпизод
- 1975 - Гауһартас - Тастанның анасы
- 1977 - Тұз бен нан - бәйбіше
- 1978 - Қара таулардың қазынасы - Марзияның анасы
- 1978 - Раушан - эпизод
- 1979 - Нанның дәмі - қарт шаруа әйел
- 1980 - Ебелек - Жамиля
- 1981 - Қыршың әмір, қиылған сүю - эпизод
- 1982 - Ақ бақсы - Еккі
- 1982 - Өрнек - ана
- 1984 - Тоғызыншы ұлдан сақтан - Еркенже әже
- 1986 - Пантераның үш қарғуы - Әсияның әжесі
- 1991 - Роза ана - Роза ана
- 1996 - Әмина - камео
- 1996 - Шанхай - Әмина


Ол туралы әдебиеттер



Өмірзақова, Ә. Фотоальбом
[Мәтін] : фотоальбом / Ә.
Өмірзақова ; құраст.: Н.
Асанжанова. - Алматы: Өнер, 2013.
– 240 б.

Фотоальбомда аса көрнекті актриса, халқымыздың аяулы перзенті – Қазақ КСР-інің халық артисі, Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Отан, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, сахна және кино өнерінің даңқты шебері Әмина Ерғожақызы Өмірзақованың өмірі мен өнердегі өнегелі жолы ақпараты мол айшықты суреттермен оқырмандар назарына ұсынылып отыр. Ә. Өмірзақованың ұлттық сипаты мол шығармашылық

жолы – әлемдік өнер дариясына барып қосылатын өзгеше арна. Сондықтан да саңлақ актрисаның кино мен сахнадағы бейнелері қазақ халқы үшін аса қымбат. Фотоальбомдағы театр және кино мұрағаттарынан, актрисаның өзінің отбасылық мұрағаты мен ұрпақтарынан жинақталып, сұрыпталып алынған фотосуреттерден майталман шебердің өміріндегі айтулы тарихи сәттері, белгі-кезеңдері айқын көрініс тапқан. Бұл фотоальбом қазақ халқының өнер перзенттерін қастерлеп, қадір тұтатын әрбір зерделі жан үшін қымбат қазына бола беретіндігі ақиқат.



Өмірзақова Әмина Ерғожақызы: библиографиялық көрсеткіш = Умурзакова Амина Ерғожақызы: рекомендательный библиографический указатель / ҚР

Ұлттық кітапханасы; құраст.: Ш.Б. Салканова, Ш.Б. Усенбаева; ред.: А.Х. Юсупова, Ә.Ш. Сәйдембаева. – Алматы, 2019. – 80 б. – Қазақ, орыс тілдерінде. – («Қазақстан өнері» сериясы).

Ұсыныстық биобиблиографиялық көрсеткіш халық артисі, сахна және кино өнерінің шебері Әмина Ерғожақызы Өмірзақованың 100 жылдық мерейтойына арналады. Көрсеткіште 1965 жылдан 2019 жылдың ақпан айына дейінгі баспа бетінде жарық көрген басылымдар қамтылды. Басылым ғылым және мәдениет қызметкерлеріне, студенттерге, өнер сүйер қауымға және көпшілік қауымға арналған.

Қазақ киносында ана бейнесімен танылған талант иесі

Ш. Жиенқұлова бастаған дара жолды ерекше сарынмен дамытқан, қазақ экранына «Ұлы ананың» болмысын сомдауда ерекшеленген, актриса – Әмина Өмірзақова болды. 1963 жылы жарық көрген режиссер А. Карповтың «Ана туралы аңыз» фильміндегі актерлік өнеріне тоқталар болсақ, тек бас кейіпкер Ана бейнесіндегі Әмина

Өмірзақованың шеберлігімен толық фильмді талдап шығуға болады. «Егер орыс кинематографиясында ананың рөлін ерекше сомдаған Вера Марецкая, итальян киносында - Анна Маньяни болса, қазақ киносындағы ана образы - Әмина Өмірзақовамен тығыз байланысты».

Актриса өзінің бір естелігінде: Киноөнеріндегі алғашқы қадамдарымнан кейін, күндердің бірінде Шәкен әзілдей тұрып, мен үшін комедиялық роль жазылып жатқанын айтты. Содан кейін ешқандай ойын-қалжыңсыз «Тақиялы періштенің» сценарийімен танысып шығуға ұсынды. Бұл мені қуантты, әрі қобалжытты, өйткені комедиялық рольде ойнап көрмепп едім. Шәкең көңілімді демеп, «сен сан алуан типаждар жасауға жаралғансың» деп күлді. Осы тұрғыдан сипаттар болсақ - Ш.Айманов өз фильмдеріндегі кейіпкерлерге актерді тағайындауда аса бір ұқыптылық пен көрегендік қасиетін шебер қолданған. Осы ұтымдылығын «Тақиялы періште» фильміндегі көрерменді баурайтын нәрсенің біріншісі комедияға тән табиғилық болса, екіншісі – сол әзіл-қалжыңды бермен қарай жеткізуші актерлік шеберліктің мықтылығы болды. Өмірзақованың керемет сомдауындағы Тана жеңгей, сүйікті ана бейнесі сол уақытта көрерменге қажет болғаннан туған кейіпкер. Ауылдан - қалаға келген Тана ана, баласы Тайлақтың бойдақтығына төзбей, «ер бала жалғыз тұра алмайды, оның қасында қолдаушы –анасы, және сүйікті әйелі болу керек» -деген ұранмен қала ішінде келін іздеп баласына жеңгетай болады. Бірақ, анасының таңдауындағы қыздарға көңілі толмаған Тайлақ сүйіктісін өзі іздеп табады. Баласына жар іздеймін деген Тана апай, өзінің алғашқы махаббатымен бірнеше жылдан соң кездеседі. Ол ғашығы, Тайлақтың болашақ жары Айшаның әкесі – Тайыр еді. Шытырман оқиғалар мен естеліктерге арналған фильмнің соңы сәтті кездесу, қос тойдың қуанышымен аяқталады. Бодандықтың құрсауындағы түрлі ұлттар араласқан кеңестік кезеңде туса да, фильмдегі Тайлақ пен Тана – ұлттық шеберханадан туған бейнелер. Қазақи комедияның ұлттық кейіпкерлері.

«Тақиялы періштедегі» актриса ойнаған Тана ролі көпшілікке Тайлақтың анасы, әрі ерекше күлкісімен есте қалып, әрі қалың жұртшылықтың махаббатына әлі күнге дейін бөленіп келе жатқан фильм. Ә.Өмірзақованың шеберлігін суреттеуде талдауға алынған - «Тақиялы періште» мен «Ана туралы аңыз» фильмдеріндегі образдары актрисаның сан қырлылығы мен ұлттық нақышта кейіпкер бейнесін сомдаудағы ерекшелігін айқындап отыр. Аталмыш бейнелер бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Бұл жерде Ә.Өмірзақованың сан қырлы, кәсіби актриса екендігін аңғаруға болады. Бұндай актриса енді туса туар, алайда дәл қазіргі қазақ киноларынан

Әмина ананың жасап кеткен бейнелерінің көшірмелерін және актриса сомдаған өткен уақыттың классикалық киноларынан көріп жүрміз.

Әмина Өмірзақованың рөлдері мен кейіпкерлері **Шығу тарихы**

«**Тақиялы періште**» — кеңес уақытында түсірілген қазақ комедиясы. Режиссёрі — Шәкен Айманов. Тұсаукесері 1969 жылы өтті. Фильм Алматы қаласында түсірілген. «**Тақиялы періште**» деп фильмнің басты кейіпкері — география пәнінің мұғалімі Тайлақты еркелетіп атайды. Тайлақ — алпамса денелі, періште мінезді, кең пейілді жан. Ол өз анасынан артық шеше жер бетінде жоқ деп санайды. Сонымен қатар, Тайлақ тіпті дастарқан басында өзінің сүйікті тақиясын басынан тастамайды. Ұялшақ «періштенің» бойдақ өміріне балта шапқысы келген анасы Тана ұлына қосақ іздеп Алматыға келеді. «Еркекке жалғыз өмір сүруге болмайды, оның қасында анасы, жоқ дегенде әйелі болуы қажет» - деп пайымдайды. Келін іздеу барысында ол, оған өз көңілін білдіре бастаған Нияздың отбасымен танысады. Осы кездерде Тайлақ көрікті Айшамен танысады. «Періштенің» анасы ұлының таңдауын бірден қабыл алмайды. Айшаның әкесі — кезінде Танамен сөз байласып,



кейін сөзінен тайқып шыққан Тайыр екені белгілі болады. Мұндай жәйтті ұмыту қиын. «Періштеге» тұрмысқа шығуды сыра сатушы Алтыншаш та аңсайды. Сатушының артынан түсуден құтылған Тайлақ Айшаға үйленуді ұсынады. Нияз болса, Тананың оған әйел болуын қалайды.

«Мың шақырымдық жол» — толық метражды көркем фильм. 1968 ж. Қазақфильм студиясы шығарған. Қазақстандағы азаматтық соғыстың ерлік ісінің бір беті туралы. Ақтөбе фронтына қару жеткізу үшін мың шақырымдық жолды өз отрядымен комиссар Әли-Ақбар өтеді.



«Ана туралы аңыз» — толық метражды көркем фильм. 1963 ж. Қазақфильм студиясы шығарған. Өз ұлын соғыста жоғалтқан, бұған қарамастан



айналадағы адамдарға көмектесуге күш тапқан қарапайым әйел - ана туралы фильм. Фильм Ұлы Отан соғысы кезінде өрбиді. Ана оқуды, не жазуды білмейді. Майданнан хабарды хаттарды оқумен ғана білуге болатындығынынан, ана өзін-өзі оқытумен айналысып, поштаға пошташы болып жұмысқа тұрады. Әлденеше рет оған отбасыларға қайғылы хабар әкелуге тура келеді, және ол олардың қайғысын түсініп, соны жеңілдету үшін, ана өзіне аналарға деген жанашырлық жүгін алады.

«Қанатты сый» — толық метражды көркем фильм. 1956 ж. Алматы көркем және хроника фильмдер студиясы шығарған. Максим Зверевтің "Азаматтың бүркіті" повесінің сарыны бойынша.

Бір колхоздың жас натуралистері, олардың жануарларға деген сүйіспеншілігі, кеңестік балаларға тән тапқырлығы мен қайраттылығы туралы фильм. Колхоз аң фермасының юннаттарынан Серебрянка атты түлкі қашып кетті. Балалар ескі аңшы Мұхтар ағаны бүркіт көмегімен түлкіні ұстап беруді сұрайды. Аңшы келіседі. Түлкімен арпалыста бүркіт жеңіледі. Мұхтар аға қынжылады: құс осы күннен аңшылыққа жарамайды. Сонда балалар бүркіт балапанын ұстап, Мұхтар ағаға беруді шешеді. Хасен мен Саша тауларға жөнеледі. Бірақ көп ұзамай Саша аяғын қажап, қалып қояды. Хасен әрі қарай жалғыз өзі барады. Ол бүркіт ұясына жетіп, балапанды ұстауға тырысады. Бірақ оған ересек бүркіт шабуылдайды. Таңертең орманшы Кузьмич балалармен бірге Хасенді іздеуге барады. Олар оны үңгірде табады. Бүркіттің балапанымен бірге балалар үйлеріне қайтарылады. Көп ұзамай орманшы Серебрянка атты түлкіні кішкентай балаларымен ұстайды. Оларды Кузьмич юннаттарға жібереді. Жаздың ыстық күндерінде юннаттар балық, сарышұнақтар мен тасбақаларды аулауды ұйымдастырады. Бұның барлығы аң фермасының түлкілерін тамақтандыру үшін керек. Балалар арасында ұжымдық еңбек достығы нығаяды. Юннаттар жас бүркітті аңшылыққа үйретеді. Аңшылар күнінде балалар Мұхтар ағаға жас бүркітті сыйға береді.



«Қыз-жігіт» — толық метражды көркем фильм. 1955 ж. Алматы көркем және хроника фильмдер студиясы шығарған.

Айдар мен Ғалия бұрыннан бір-бірін сүйеді. Айдар жылқышы болып, Ғалия — колхоз ат зауытында жоғарғы табыншы болып жұмыс істейді. Бір күні, кездейсоқ түсініспеушілік кесірінен екі жас бір-бірімен жанжалдасады. Осы жағдайды Ғалияны сүйетін дүкен меңгерушісі Аңғарбай қолдануға тырысады.



«**Жамбыл**» — толық метражды көркем фильм. 1952 ж. Алматы көркем және хроника фильмдер студиясы шығарған.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары, қазақ даласы. Кең жазықта бақытсыз халықтың жас ақыны Жамбыл кезіп келе жатыр. Атақты ақын Сүйінбай өлім төсегінде Жамбылға өз домбырасын тапсырады. Ешқандай жағымпаздық, ешқандай алтын, ешқандай қуғын халық ақынын өтірік айтуға мәжбүрлей алмайды. Патша үкіметі ақынның еркін дауысын өшіру үшін оны қамауға алады. Түрмеде ақын орыс солдаты, большевик Василиймен кездеседі. Бұл кездесуден кейін ол Ресейдің қарапайым адамдары мен қазақ еңбек халқының мақсаты бір екеніне көз жеткізеді.



Жылдар өтеді. Ақын қартаяды. Байлар атақты ақын Сүйінбайдан мұра болып қалған домбыраны тартып алады. Жамбыл әндерінің үні өшеді. Октябрьлік революция туралы жаңалық Жамбылдың жанына жаңа күш береді. Ол өзінің шығармашылығына деген құмарлығын қайтарады. Сүйінбайдың домбырасы Жамбылға қайта оралады. Жамбыл жаңа өмір жарығын көрген халықтың бақыты туралы әндетеді. Жамбыл Мәскеуге аттанады. Жамбыл астананың әдемі көріністерін тамашалап, ол туралы әндер шығарады. Ұлы Отан соғысының қиын күндері басталады, Жамбыл өз ұлын майданға аттандырады.


Ол жерлестеріне Ұлы Отанға шабуыл жасаған жауды ұруға шақырады. Қоршалған Ленинградта Жамбылдың белгілі әні "Ленинградтық өренім..." үні естіледі. Өз халқымен бірге ақын көшеде "Жеңіс күнін" кездестіреді. Оның қолында сол баяғы домбыра қайта әндетеді.

«**Абай әні**» — толық метражды көркем фильм. 1945 ж. Алматы көркем және хроник, фильмдер студиясы шығарған. «Абай әні» фильмі республика киноөндірісі базасында жасалған алғашқы фильм.

Фильмде Абай адал махаббаттың арашашысы ретінде көрінеді. Өзінің сүйгенін, көрші ауылдың жесірін ұрлап әкеліп үйленіп, Айдар ата салтын бұзады. Абай ақсақалдар кеңесінде өз махаббаты үшін ата дәстүрін бұзуға мәжбүр болған Айдар әрекетін ақтап шығады. Халық махаббатына бөленген Абайдың достары көп. Бірақ дұшпандары да аз емес. Ерден бай мен діндар Шәріп Абайды халықпен араздастырып қоюға әрекет жасайды. Мақсатына жете алмаған Шәріп ақыры у беріп, Абайды өлтіріп тынады.



Белая роза — сорта роз с цветками белого цвета. Йорков — символ Йорков, британской королевской ветви Плантагенетов, временно пришедшей к власти в роз (1455—1485). «Белая роза» (нем. Weiße Rose) — группа студенческого Сопротивления, действовавшая в рейхе в 1942—1943 годах и названная по роману Бруно



Белая роза династии ходе Войны подпольная Третьем Травена.



"Амангелді"

фильмі қазақ көркем киносының тарихынан үлкен орын алады. Кинотуынды төңірегінде көптеген пікірлер айтылды да, айтылып та келе жатыр. Алғаш қазақ кинотанушысы Қабыш Сиранов 1944 жылғы мақаласында былай деп жазған : "1937 жылы Ленин орденді "Ленфильм" киностудиясы толықметражды "Амангелді" дыбысты фильмін жасап шығарды. Киносценарийді қазақ драматургі Ғабит Мүсірепов пен жазушы Всеволод Иванов бірігіп жазды. Картина режиссері Моисей Левин болды. Бұл фильм ұлттық кинематографияның негізін қалаған ең алғашқы киносуретіміз

болып табылады". ("Кино жылдар ойлар", Алматы "Өнер" 1983 ж. 10 бет). Расында аталмыш фильм қазақ кино өнерінің тарихында өзіндік орынға ие. Ұзақ уақыт бойына "Амангелді" фильмі қазақ кино өнерінде алғашқы төл туынды деп есептелініп келді. Дегенмен бұл қате пікір! Себебі аталмыш фильм "Ленфильм" киностудиясының туындысы болып есептелінеді, және де фильм аталмыш киностудияның тапсырылысымен түсірілді. Сондықтан "Амангелді" - Қазақстан тақырыбындағы алғаш дыбысты көркем фильм деп санау керек. Осы мәселе бойынша қазақ кинотанушысы, кино тарихшысы Бауыржан Нөгербек өз пікірлерінде айтып кетеді. Қабыш Сирановтың келтірген мақаласында сценарий авторы: "Ғабит Мүсірепов пен Всеволод Иванов", - делінген. Ал ақиқаты екеуінен бөлек, сценарий жазуға Бейімбет Майлин де ат салысқан еді. Сол жылдардағы кеңес үкіметінің солақай

саясатының кесірінен бұл жазушымыздың есімі титрден алып тасталынды. Тіпті, Ғабит Мүсірепов есімі де алып тасталған кездер де болған.

"Амангелді" фильмі 1938 жылы экранға шықты. Сценарий авторлары: Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин, Всеволод Иванов, қоюшы режиссеры: Мойсей Левин, операторы: Хечо Назарьянц. Сонымаен қатар фильмге қазақтың ұлы актерлері түсті. Басты рөлді, яғни Амангелді бейнесін театр актеры Елубай Өмірзақов сомдады. Одан бөлек Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Қапан Бадыров, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Шара Жиенқұлова, Рахметулла Салменов секілді әртістер фильмге қатысады. Тарихи революциялық, биографиялық фильм болғандықтан фильмнің көркем шығуы драматургиялық жұмыс, режисуралық жұмыс пен актерлық жұмысқа байланысты еді. Жобаның артықшылығы - фильм қазақтың батыры Амангелді жайында болғандығы. Ал фильм идеясы Кеңес үкіметін насихаттауға бағытталды. Өкінішке орай бұл туындыдан Амангелдінің, сарбаздарының бейнесінен қазақи мінезді байқау қиын.

Амангелді — 1938 жылы Ленфильмде Алматы кинохроника студиясы кинематографистертерімен түсірілген көркем фильм. Қазақстан тарихындағы алғашқы дыбысты фильм.



Әмина Өмірзақова киноға 1938 жылы Ленинград институтында студент болып жүрген кезден бастап түсе бастады. Оның алғашқы түскен фильмдері "Комсомольск", "Амангелді", "Алыптың әні", "Ақ раушан". Десе де оны танымал еткен алғашқы үлкен рөл - 1945 жылғы "Абай өлеңдері" фильміндегі Ажардың рөлі. Осы рөл арқылы ол қазақ кинематографиясының элитасы қатарына кірді. 1945-1963 жылдар аралығында "Жамбыл", "Қыз жігіт", "Қанатты сый", "Әрі қалжың әрі шын" фильмдеріне түсіп, атақ-даңқ жинады. 1964 жылы Анатолий Карповтың "Ана туралы жыр" фильмі экран бетіне шықты. Бұл фильмде Әмина Ерғожаевна ұлының майданда қаза тапқаны жайлы есірткен, бірақ бар қайғыға төтеп берген ананың рөлін сомдады. Кейіпкер оқу-жазу білмейді. Майданда болып жатқанның барлығынан хабардар болудың жалғыз тәсілі осы болғандықтан, өз бетімен оқуды үйреніп алады да почтальон болып жұмыс үстейді. Ол бірнеше рет басқа аналарға қайғылы хабар жеткізсе де, оларға сүйеу болып, көмек қолын созады. Фильм көпшіліктің көңілінен шығып, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын жеңіп алды, ал Әмина Өмірзақова 1964 жылғы Жалпыкеңестік кинофестивальде "ең жақсы әйел рөлі" сыйлығын, К. Байсейітова атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын жеңіп алды. "Ана туралы жырдан" соң 1968 жылға дейін "Ең тілалғыш", "Мың шақырым саяхат" картиналарында басты да, екінші реттік рөлдерді сомдап жүрді. Сондай-ақ, "Алдар-көсе" бейнефильмінде эпизодтық рөлде ойнады.

1968 жылы Шәкен Аймановтың "Тақиялы періште" комедиялық фильмі жарық көрді. Бұнда Әмина Ерғожаевна Тана атты ананың бейнесін сомдады. Бүкіл фильм бойы ол өзінің Тайлақ атты ұлына қалыңдық іздеумен болады. Бұл рөлдің қызығы, актрисса едәуір жас болса да, өзінен бірнеше есе үлкен кейіпкерді ойнады. Сондай-ақ, өзге рөлдерінен ерекшелігі—көңілді кейіпкерді сомдауы. Картина бүкіл Кеңес Одағындағы кинотеатрларында көрсетілді. Соның арқасында оны бүкіл ел таныды.

"Тақиялы періштеден" соң оншақты фильмдерде түсті. Соның ішіндегі ең ерекшесі "Мама Роза" картинасы. Бұл фильмде ол қара нәсілді баланың өгей анасы бейнесін сомдады. Актриссаның кейіпкері — шейіттей баланың тәрбиесін қолына ойда жоқта алған, жасы келген адам. Ойнаған рөлі үшін "Шоқжұлдыз" кинофестивалінің лауреаты атанды. Бүкіл карьерасында Әмина Өмірзақова көп рөлде ойнады. Десе де, "Ана туралы жыр", "Тақиялы періште", "Жұлдызыңды сақта", "Мама Роза" картиналарында ойнаған ана рөлдері нағыз қазақ анасының бейнесін айқын көрсетті. 1996 жылы ұлының бастама фильмі "Аминада" өз-өзін сомдады.

Әмина Өмірзақова жайлы пікірлер



Әминажан, мен әдейілеп тұрып саған сценарий жаздым. Бұл – комедиялық туынды. Басты рөлде сен ойнайсың... Осы күніңнен айырылма.

Шәкен АЙМАНОВ,




Әминаның адамгершілігі күшті. Ол – өмірдегі қандай қиыншылыққа болсын мойымайтын азамат, ақылды апа, дос, жолдас.

Мәкіл ҚҰЛАНБАЕВ,



Әмина апайды ешкім қайталай алмайды. Бұл кісі – жүз жылда бір туатын тұлғалардың бірі.

Қасым ЖӘКІБАЕВ,



Қазақ атты қасиетті де киелі халықтың қарапайым қызы Әмина апайдың жүріп өткен өмір жолы – ұлағатты да ұлық, орамды да орайлы нұрлы жол.

Әмина Өмірзақованың марапаттары




«Отан» ордені — Қазақстан Республикасының марапаты. 1993 ж. белгіленді.

1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен белгіленді. Бұл орденмен азаматтардың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі марапатталады. Дөңгелек пішінді орденнің ортасына Елтаңба бедерленіп, оның астында күннің шапақты сәулесіне ұқсас нақыш және айналдыра көмкерген бидай масағын меңзейтін айшықпен көмкерілген. Елтаңба бейнесінің астында “Отан” деген жазуы бар.

Бұл орденмен азаматтар:

- мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі;
- экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы;
- мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік үдерісті дамытудағы ерекше еңбегі марапатталады.



«Еңбек ардагері» медалі (орыс. Медаль «Ветеран труда») — КСРО мемлекеттік марапат.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1974 жылы 18 қаңтарда құрылған. Медаль жобасының авторы - суретші С. А. Поманский.



Еңбек Қызыл Туы ордені (орыс. Орден Трудового Красного Знамени) — еңбегі үшін берілген КСРО-ның азаматтық марапаты. 1928 жылы 7 қыркүйекте Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Жарлығымен құрылған.



МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАРЫ

- 1958 жылы Қазақ КСР еңбек сіңірген артисі
- 1965 жылы Қазақ КСР халық артисі
- 1967 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері
- КСРО-ның жоғарғы марапаты "Еңбек Қызыл Ту" Ордені
- КСРО-ның "Ерен Еңбегі үшін" (медаль «За трудовое отличие») медалінің иегері.
- КСРО-ның "Еңбек ардагері" медалімен марапатталған.
- 1999 жылы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ең жоғарғы мемлекеттік марапаты Отан орденімен марапатталды.
- 2001 жылы Қазақстанның Тәуелсіз "Платинды Тарлан" сыйлығының иегері атанды.
- 2004 жылы "Ұлы Отан соғысына 60 жыл" мерекелік медалімен

марапатталған

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005. – 118 б.
2. Әбдікәрімов, С. Әмина Өмірзақова [Мәтін] / С. Әбдікәрімов. – Алматы: Қазақстан, 2006. – 184 б.
3. Умурзакова Амина Ергужинова // Искусство Алматы в персоналиях / гл. Ред. Б. О. Жакып. – Алматы, 2009. – С. 229–230; «Казахстан» Национальная энциклопедия / гл. Ред. Б.Аяган. – Алматы, 2006. – Т. 5. – С. 300-301.
4. Өмірзақова, Ә. Фотоальбом [Мәтін] : фотоальбом / Ә. Өмірзақова ; құраст.: Н. Асанжанова. - Алматы: Өнер, 2013. – 240 б.
5. Касиева, Е. М. Әминаға арналған ертегілер=Сказки для Амины [Мәтін] : [ертегілер] / Е.М. Касиева ; орыс тілінен қазақ тіліне ауд.: Г. Абдрахова ; орыс тілінен ағылшын тіліне ауд.: Е. Касиева ; суретші: Р. Скаков. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2015. – 52 б.

Мерзімді баспа беттеріндегі жариялымдары

6. Умурзакова, А.Е. Жаль, что не сыграла стерву / А.Умурзакова; беседовала Г. Танкаева // Время. – 2002. – 17 янв. – С.10.
7. Умурзакова А. Вечно юная душа / А.Умурзакова; беседовала Т.Нурсейтова // Юридическая газета. – 2004. – 5 марта. – С. 4.
8. Умурзакова, А. Е. Просто легенда – Амина Умурзакова / А.Умурзакова; беседовал С.Юлдашев // Труд. – 2004. – 11 марта. – С.14.
9. Умурзакова, А. Е. Меня с первой буквы – «Аз» ... / А.Е. Умурзакова; беседу вел Н. Смаилов // Столичная жизнь. – 2005. – 3 марта (№9). – С. 21.
10. Умурзакова, А. Е. Меркурьев вытер мне слезы / А.Е. Умурзакова; интервью вел Н. Смаилов // Литер. – 2005. – 20 янв. – С. 5.
11. Умурзакова, А. Е. Самая главная роль / А.Е.Умурзакова; интервью вела О. Бондаренко // Веч.Алматы. – 2005. – 10 сент. – С.8.
12. Өмірзақова, Ә. Ана бе»несін сомдау үшін өзің нағыз ана болуың керек: 85-ке келген актермен сұхбат / Ә.Өмірзақова; әңг. Т.Мантай // Айқын. – 2006. – 17 мамыр – № 5. – Б. 3.

13. Өмірзақова, Ә. Бәріне де төтеп бере білу керек: қазақ киносының жұлдызымен соңғы сұхбат / Ә. Өмірзақова; әңг. М.Орынбайқызы // АРУ ЖАН. – 2006. – № 8. – Б. 16–18.
14. Өмірзақова, Ә. "Мен бақытты әртіспін" [Мәтін] [Мәтін] : ҚР-ның еңбек сіңірген сұлы // Заң газеті. – 2006. – 29 қараша. – Б. 3.
15. Өмірзақова, Ә. Мен бақытты әртіспін / Ә.Өмірзақова; дайынд.:М.Серікқызы, Д.Секер // Аңыз адам. – 2012. – № 5. – Б. 10–15.
16. Әмина Өмірзақова (1919-2006) [Мәтін] // Жұлдыздар отбасы Аңыз адам. – 2012. – № 5. – Б. 3.

Ол туралы мерзімді баспа беттеріндегі жариялымдары:

17. Абдулаева, А. Каждая роль – поворот в судьбе / А. Абдулаева // Мерей. – 2004. – № 2. – С. 50–51.
18. Әбдікәрімов, Сейілғазы. Әмина [Мәтін] : [халық әртісі Әмина Өмірзақова туралы] / С. Әбдікәрімов ; Сейілғазы Әбдікәрімов // Жұлдыз. – 2004. – № 9. – Б. 164–169.
19. Баймурзина, Н. Легенде казахского кино Амине Умурзаковой – 85 лет / Баймурзина Н. // Мегаполис. – 2004. – 18 марта – С.8.
20. Нурсейтова, Т. Кто любит дорогу, тот находит клад / Т. Нурсейтова // На страже. – 2006. – 9 марта (№10). – С. 9.
21. Кенжетәев, К. Ананың рөлін шебер сомдаған бірден бір тұлға / К.Кенжетәев // Аңыз адам. – 2012. – № 5. – Б. 11.
22. Исламбаева, Зухра.Әмина Өмірзақова [Мәтін] : [актриса, театр және кино майталманы Әмина Өмірзақова туралы : суреті бар] / З. Исламбаева // Аружан. – 2012. – № 7. – Б. 2–5.
23. Қайсарбекұлы, Марат. Әмина Сарманқызымен портреттік кеш өтті [Мәтін] : [ұстазбен кездесу] / М. Қайсарбекұлы // Торғай. – 2015. – 13 наурыз. – Б. 1.
24. Есенов, Н.Көзінен мейірім төгілген Әмина Өмірзақова сомдаған аналар галериясы [Мәтін] / Н. Есенов // Түркістан. – 2015. – 14 мамыр. – № 19. – Б. 11.
25. Қалтаева, Бақытжамал. Әмина Сарманқызына [Мәтін] : [өлең] / Б. Қалтаева // Торғай. – 2016. – 28 қазан. – Б. 3.
26. Әмина, Әубәкір. Қаламаймыз соғысты [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әмина // Арқалық хабары. – 2016. – 13 мамыр. – Б. 7.
27. Обаев, Е. Талант табиғаты / Е.Обаев; дайынд. Н. Ораз // Алматы ақшамы. – 2017. – 24 маусым. – № 74. – Б. 15.
28. Есали, Айнаш. Әминаның күлкісі [Мәтін] : [әртіс Ә. Өмірзақованың] / А. Есали // Егемен Қазақстан. – 2017. – 8–9 наурыз. – Б. 12.

29. Мұхтарханқызы, З. Қазақ киносының Анасы [Мәтін] / З. Мұхтарханқызы // Prezident & Halıq. – 2019. – 7 наурыз (№ 9). – Б. 5.
30. Нармаханова, Ж. Біздің сүйікті анамыз тірі [Мәтін] / Ж. Нармаханова // Ұлан. – 2019. – 26 наурыз (№ 13). – Б. 1,3.
31. Рақымқызы, Р. Ананың нағыз өзі еді... [Мәтін] / Р. Рақымқызы // Жас Алаш. – 2019. – 7 наурыз (№ 19). – Б. 6.
32. Құсайынова, М. Қазақ киносының падишасы [Мәтін] / М. Құсайынова // Үш қоңыр. – 2019. – 22 наурыз. – Б. 1,3.
33. Мұхтарханқызы, З. Қазақ киносының анасы [Мәтін] / З. Мұхтарханқызы // Ұркер. – 2019. – № 3. – Б. 23–25.; Мәдениет. – 2020. – № 8. – Б. 42–44.
34. Жұмабай, Назерке. Аңызға айналған актриса [Мәтін] : [Әмина Өмірзақова туралы] / Н. Жұмабай ; Дайындаған Айгүл Аханбайқызы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 8 наурыз. – Б. 1, 6.
35. Әмина, Рысалды. Қызыққа толы қыс [Мәтін] : [өлең] / Р. Әмина // Балалар әлемі. – 2022. – № 12. – Б. 25.
36. Құскенов, Самрат. Толқынды толқын қуады [Мәтін] : [есте жүрер есімдер] / С. Құскенов // Мағжан. – 2023. – № 3. – Б. 113–117.
37. Мүсірепов, Ғабит. Әмина [Мәтін] : [әңгіме] / Ғ. Мүсірепов // Мектептегі мерекелер. – 2012. – № 2. – Б. 68–69.

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

Абдулаева, А. 17,
Әбдікәрімов, С. 2, 18,
Әубәкір, Ә. 26,
Баймурзина, Н. 19,
Есенов, Н. 24,
Есали, А. 28,
Жұмабай, Н. 34,
Исламбаева, З. 22,
Кенжетаев, К. 21,
Касиева, Е.М. 5,
Құскенов, С. 36,
Қалтаева, Б. 25,
Қайсарбекұлы, М. 23,
Құсайынова, М. 32,
Мұхтарханқызы, З. 29, 33,
Мүсірепов, Ғ. 37,
Нармаханова, Ж. 30,
Нурсейтова, Т. 20,
Обаев, Е. 27,
Өмірзақова, Ә. 4, 12,13,14,15,16,
Рақымқызы, Р. 31,
Умурзакова, А. 3, 6,7,8,9,10,11

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан.....	5
Кино әлемінің Қарлығашы – Әмина Өмірзақова.....	6
Шығыстан шыққан шынар.....	7
Өнердегі алғашқы қадам.....	7
Калининнің қабылдауында неге болды?.....	8
Жолдасы жақсы қандай-ды.....	9
Өнермен өрілген өмір.....	10-11
Фильмографиясы.....	12-13
Ол туралы әдебиеттер.....	14-15
Қазақ киносында ана бейнесімен танылған талант иесі.....	16-17
Әмина Өмірзақованың рөлдері мен кейіпкерлері.....	17-24
Әмина Өмірзақова жайлы пікірлер.....	25
Әмина Өмірзақованың марапаттары.....	26-27
Әдебиеттер тізімі.....	28
Мерзімді баспа беттеріндегі жариялымдары.....	28-29
Ол туралы мерзімді баспа беттеріндегі жариялымдар.....	29-30
Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	31

Құрастырушы: Көшкінбай С. М.
Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.
Редактор: Құсайын Д. Е.
Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.
Басуға қол қойылды 26.03.2024
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлемі 0,4

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – mail: cbs10@mail.ru***

